6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ахатаева Ұлсана Борашқызының **«Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп көрсетілген. Аталған мақсаттарды жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау болып табылады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігін өтеуден туындайды. Ол үшін болашақ мамандар зерттеу мәселелерін шешу деңгейлерін жетік меңгеруі тиіс. Олар: мәселені таңдау, оның мақсаты мен міндеттерін анықтау, оны шешу әдіс-тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперимент жүргізу, жаңа нәтижеге қол жеткізу.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауды кәсіби құзыреттіліктің бөлігі ретінде қарастырсақ, олардың ғылыми терең дайындығын, ерекше ізденімпаздықпен жаңалықты үйлестіре алатындай педагогикалық шеберлігі мен жауапкершілігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ететіндей білім беруде оқыту технологияларын зерттеу жұмысында тәжірибеге енгізу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі ретінде саналады. Осы орайда Ахатаева Ұлсана Борашқызы өзінің зерттеу объектісін жан-жақты зерттеп, өз ойын түсінікті етіп, зерттеушілік іс-әрекетті дамытуды нақты сипаттаған, зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда қарама-қайшылықтардың болуы, нәтиженің болуы зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындайды. Осы айтылғандарға сәйкес ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу мәселесі жаңа, көкейкесті.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі.

Ізденуші Ұ.Б.Ахатаева диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің теориялық негіздерін айқындалған;

2. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланған;

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуі айқындалған;

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген.

5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың оқу-әдістемелік кешені дайындалған.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесі ғылыми еңбектерде қарастырылып, теориялық негіздері айқындалып, «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі мәні нақтыланып, болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері анықталған.

Болашақ мамандарды оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту даярлығының қазіргі жайы талданып, ЖОО оқыту үдерісінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштерінен түзілген, өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың бастапқы кезеңінің диагностикасы жүргізіліп, әдістемелік кешені даярланып: «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курс бағдарламасы мен бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптерінің мазмұны түсіндірілген. Сонымен қатар, зерттеушілік іс-әрекет шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастырылатын болғандықтан бастауыш сыныпқа арналған «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралы баспадан шыққан. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары ұсынылған.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер

Жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кемшіліктер кездеспегенін атап өтеміз. Дегенмен, зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Болашақта бастауыш сынып мамандарын бұл бағытта дайындау мәселесін кәсіби практикалық тәжірибемен тығыз байланыста қарастыру, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды балабақша тәрбиеленушілерінің зерттеушілік іс-әрекетін дамытумен сабақтастық тұрғысында зерттеу керек деп санаймын.

5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау диссертациялық жұмыс зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологиялардың сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 9 еңбек жарық көрген. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көріп, 1 әдістемелік құрал баспадан шыққан.

6. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс

Ахатаева Ұлсана Борашқызының 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын. Ахатаева Ұлсана Борашқызының 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының докторы
профессор **А.С.Амирова**